

**«6D020400 –Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған Маликова Асель Маликқызының «Шешендік өнер мәдениеттанулық талдау нысаны ретінде» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми**

## **СЫН-ПІКІР**

**1. Зерттеу жұмысының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі бірнеше мәселелермен айқындалады. Біріншіден, ғылыми зерттеу жұмысы тақырыбының өзектілігі, мәдениет феноменінің болмыстық трансформацияға түсуімен байланысты деп қарастырған. Екіншіден, қазіргі тілтану саласындағы теориялық та, практикалық та маңызы бар проблемалардың бірі – сөйлеу мәдениеті. Сөйлеу мәдениеті тілдің сарқылмас мол байлығын зерделеп меңгерудің аса маңызды құралы болып табылады. Үшіншіден, шешендік өнер адамзатының мәдени әлемі деп айтуға негіз бар. Сондықтан адам өзінің жаратылысы бойынша асқақ ойларға ерекше мән беріп, биік, игілікті істермен тәрбиеленеді, мәдени кемелдену жолында жүретіні ақиқат. Бұл мәселенің өзектілігіне теориялық негіз бола алады деген ой айтылған. Төртіншіден, адамның сөзін түзеу оның мәдени болмысының іске асырылу кеңістігі болатыны және оның аяқталмайтын үдеріс болуы мәселенің өзектілігіне экзистенциялық мағына беретініне көз жеткізуге болады. Бесіншіден, шешендік өнерді мәдени кеңістікте трансформациялану үдерісімен байланысты құндылық деп қарастырған. Шешендік өнердің мемлекеттік идеологияны, қоғамдық пікір мен қоғамдық көңіл-күйді, сонымен қатар әрбір тұлғаны қалыптастыру үдерісін басқарудың ықпалды құралы бола алатындығы дәйектелген.

Әсіресе, тақырыптың өзектілігін «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаламен байланысын байқауға болады.

Диссертацияның құрлымы үш бөлімнен тұрады: бірінші бөлімде шешендік өнердің тарихи мәдени болмысын қарастырған, екінші бөлімде қазақ мәдениетіндегі шешендік өнерге мәдени талдау жасалған, үшінші бөлімде қазіргі заманда шешендік өнердің трансформациялануын заманауи қырынан зерттеген.

**2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.** Зерттеу мақсатына сәйкес міндеттер шешімін табу барысында бірнеше ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

**Бірінші ғылыми нәтижеде** шешендік өнердің мәдени-тарихи болмысы, оның өркениеттік табиғаты, интенциялық мәдени қуаты және ішкі әлеуеті сараланған.

**Екінші ғылыми нәтижеде** батыс-христиан мәдениетіндегі шешендік өнер қағидаларын саралау, ондағы дін қызметшілерінің шешендік өнерге еткен ықпалы мен ерекшеліктері айқындалған.

**Үшінші ғылыми нәтижеде** түркі мәдениетіндегі шешендік өнер ұстанымдары салыстыра сарапталған.

**Төртінші ғылыми нәтижеде** қазақ мәдениетіндегі шешендік өнердің мәдени кеңістік аясындағы рөлі, мақсаты, қызметі анықталған.

**Бесінші ғылыми нәтижеде** шешендік өнердегі мәдени тұғырнамалар зерделеніп және олардың сабақтастығына талдау жасалған.

**Алтыншы ғылыми нәтижеде** шешендік сөз өнеріндегі мәдени-құндылықтық концепциялар анықталып және олар мәдениеттану тұрғысынан тұжырымдалған.

**Жетінші ғылыми нәтижеде** шешендік өнер мәдениетіндегі тәрбиелік ұстанымдарды анықтау арқылы тұлға қалыптастыру және оны тәрбиелеудің тиімді құрал ретіндегі маңыздылығы зерделенген.

**Сегізінші ғылыми нәтижеде** кәсіптік шешендіктің өзіндік ерекшеліктері мен қырлары, адам өміріндегі рөлі анықталған.

**Тоғызыншы ғылыми нәтижеде** соңғы жылдары әлеуметтік желілерде онлайн форматта өткізіліп жүрген тренингтер зерттеліп, пайдасы мен зиянды тұстары қарастырылып, олар заман талабына сай сұраныстан туындаған әлеуметтік-мәдени құбылыс деп анықталған.

**3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің тұжырымдары мен қортындыларын негізделуі және шынайылық нәтижесі.**

Бірінші ғылыми нәтиже тиісті деректермен, ғылыми мысалдармен дәлелденген. Шешендік өнердің теориялық негіздері, шешендік өнердің мәдениет тарихындағы, рухани адамзат өміріндегі рөлі анықталған.

Екінші ғылыми нәтижеде шешендік өнердің үгіт-насихаттық қырлары оның заманауи қоғамдық маңызын арттыра түстіндігіне баса көңіл бөлінген. Батыс-христиан мәдениетіндегі шешендік діни-насихаттың әсерлі қуатын үстемелеудегі, ділмар сөздің ойды дәлелдеу және дәйектеудегі ерекше сипатын, рөлін ашу мақсатында жүйелі ізденістер жасалған.

Үшінші ғылыми нәтижеде түркі ойшылдарының еңбектеріне талдау жасау барысында, келтірілген деректер мен көзқарастарға және шығармалардың мәтінінің жазылуындағы стилдік үлгіге негізделі отырып, ондағы материалды мәдени контент ретінде мойындай келе, оларды саяси-әлеуметтік, мәдени гуманистік контекстегі шешендік арнау, шешендік насихат, шешендік уағыз, шешендік толғау, шешендік өсиет формасындағы туындылар деп тануға негіз бар дейтін ой түйіндеген.

Төртінші ғылыми нәтижеде қазақ шешендігі ұлтымыздың бүкіл ішкі рухани әлемін, тіршілік мәдениетін, сайып келгенде қазақтың ұлт, ел ретіндегі макро-микродүниедегі алатын орнын, болмыс-жаратылысын бейнелейді және ол қазақтың өзін-өзі түсінуі үшін рухани негіз, методологиялық құрал дейтін ғылыми тұжырым жасаған.

Бесінші ғылыми нәтижеде шешендік өнер адамның қоғамдық-саяси өміріне ықпалын тигізетін, халықтың тағдырын анықтайтын, әр адамның қоғамдағы әлеуметтік-мәдени статусын өзгертетін әрекеттік-күш, рухани-мәдени әлеует деп қарастырған.

Алтыншы ғылыми нәтижеде қазақ би-шешендер ұстанған мәдени-моральдық норма-құндылықтар әлеуметтік қатынаста рухани өлшем, адамдардың өмір сүру ережесі, адам мен адам қарым-қатынас мәдениетінің көрсеткіштері, әлеуметтегі әр адамның өз орнын белгілеу және оны білу үлгілерінің үрдісін сараланған.

Жетінші ғылыми нәтижеде шешендік өнер заман талабына сай үздіксіз өзгеріске түсуі шартты құбылыс деген ғылыми тұжырым жасалған.

Сегізінші ғылыми нәтиже қатысты, жеке ғылыми үлес ретінде, шетелдік және отандық ғылыми зерттеу жұмыстарына сүйене отырып, еліміздегі кәсіптік шешендікке қатысты жасаған әдістемелік құралды айтуға болады

Тоғызыншы ғылыми нәтижеде соңғы жылдары әлеуметтік желіде онлайн арқылы өткізіліп жүрген тренингтердің әлеуметтік сұранысын сауалнама жүргізу негізінде онлайн тренингтердің түрлері мен мәдени сапасы айқындалған.

**4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиже (қағида) мен тұжырымның жаңашылдық деңгейі.**

**Бірінші ғылыми нәтиже** жаңа болып саналады. Отандық мәдениеттану ғылымының аясында шешендік өнер алғашқы рет зерттеу нысанына алынып отыр. Диссертанттың зерттеу жұмысы отандық мәдениеттану ғылымының аясында жасалынған алғашқы да, ауқымды істің бастамасы деуге болады.

**Екінші ғылыми нәтиже** салыстырмалы жаңа. Батыс-христиан мәдениетіндегі шешендік өнер, соның ішінде уағызшыларға талдау жасалған.

**Үшінші, төртінші нәтиже** нақты және жаңа. Шешендік өнердің түркі мәдениетінде қалыптасу және жалғасу үрдістерін нақты дәлелдермен баяндаған. Шешендік өнердің түркілік мәдениет тарихындағы ойшылдардың дүниетанымына салыстырмалы шолу жасау арқылы, әрбір ойшылдың дүниетанымындағы шешендік өнер мәселесін саралай отырып, мәдениеттанулық талдау жасалынған.

**Бесінші нәтиже** нақты және шынайлығы жоғары. Қазақ мәдениетіндегі шешендік өнердің ішкі мәні, болмысы анықталған.

**Алтыншы нәтиже** нақты және жаңа. Шешендік сөз өнері адамды өз көзқарасы мен мәдени позициясы тұрғысынан өзін-өзі тануына мүмкіндік жасайды. Бұл қазақтың дәстүрлі қоғамында адамгершілік заңдары мен нормаларын жасауда өте маңызды рөл атқарғандығы дәлелденген.

**Жетінші нәтиже** нақты және дәлелденген сипатқа ие. Шешендік өнерді жаңа форматта беру арқылы, ұлттың санасынан өшірмей, озық шешендік өнер үлгілерін жаңғыру көзіне айналдыра білу қажеттілігі, шешендік өнерді медиа құралдармен сабақтастыруда ұрпақ тәрбиесінде қолдану қажет екендігі тұжырымдалған.

**Сегізінші нәтиже** нақты және салыстырмалы жаңа. Шешендік өнерінің әлеуметтік құбылыс ретіндегі мәні мен ерекшелігі сараланған. Түрлі кәсіптік шешендік түрлерін қарастырған, саралау барысында әдістемелік құрал жасауына себепші болған.

**Тоғызыншы нәтиже** жаңа. Соңғы жылдары әлеуметтік желілерде онлайн арқылы өткізіліп жүрген тренингтердің әлеуметтік сұранысын эмпирикалық зерттеу арқылы онлайн тренингтердің түрлері мен мәдени сапасы айқындалған.

Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже тиісті жаңашылдық деңгейде, себебі, диссертант шешендік өнерге мәдениеттанулық талдау жасап, өзінің тың ойларымен тұжырымдарын ұсынған.

#### **5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы**

Ізденуші А.М. Маликованың зерттеу жұмысының қолданбалы және практикалық маңыздылығы тақырыптың ғылыми жаңалығымен байланысты. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдамалары «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру орталықтарына нұсқаулық және шешендік өнер бойынша ғылыми-ізденіс жұмыстары барысында қажетті, әрі құнды құрал бола алады. Сонымен қатар, жоғарғы оқу орындарында сөйлеу мәдениеті, шешендік өнер бойынша арнайы курстарды оқытуда қолданылу мүмкіндігі бар.

#### **6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қортындыларының жариялануының жеткіліктілігіне растама.**

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша жалпы саны 11 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде ҚР БҒМ ғылым мен білім беру саласын бақылау жөніндегі комитет ұсынған журналда - 4 және «Адам әлемі», «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы» журналдарында; Scopus базасына кіретін «European Journal of Science and Theology» румын журналында-1 мақала; Шетелде өткен ғылыми конференцияларда 6 мақала (Австрия, Украина және Ресей елдерінде) басылып шыққан.

#### **7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

А.М. Маликованың диссертациялық зерттеу жұмысы жоғары теориялық және әдістемелік деңгейде жазылған. Соған қарамастан жұмыста келесі кемшіліктер кездеседі деп атап өтуге болады.

Біріншіден, мәтінде ұзақ құрмалас сөйлемдер ойды толық түсінуде бірқатар кедергілер тудырады.

Екіншіден, жұмыста кейбір орфографиялық және пунктуациялық қателіктер кездеседі.

Алайда, жоғарыда аталған кемшіліктер зерттеу жұмысының қойған мақсатқа сай ғылыми маңызын төмендетпейді. Бұл ескертелерді докторант өзінің болашақ зерттеулерінде ескереді деп ойлаймын.

#### **Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Диссертант А.М. Маликованың қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми жағынан өзекті. Жұмыс толық аяқталған және өзінің көздеген мақсатына жеткен. Диссертанттың өз ойлары мен ғылыми

тұжырымдамаларын дәлелдеу барысында әдістемелер мен ғылыми әдістерді оңтайлы пайдалана алған. Диссертанттың зерттеу жұмысы қазақстандық мәдениеттану ғылымына өзіндік үлес қосады деп күтуге болады.

А.М. Маликованың «Шешендік өнер мәдениеттанулық талдау нысаны ретінде» атты диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылылау жөніндегі Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2-ші бөлімінің талаптарына сәйкес орындалған.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, Маликова Асель Маликқызының «6D020400 - Мәдениеттану» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазған «Шешендік өнер мәдениеттанулық талдау нысаны ретінде» атты диссертациялық жұмысы талаптарға сай, оны қорғауға ұсынуға болады және философия докторы (Ph.D) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми сын-пікір беруші:

Қазақстан Республикасы

Парламенті Сенаты Аппаратының

ақпараттық-талдау бөлімінің

бас консультанты, доцент

философия ғылымдарының кандидаты



Рақымжанов Б.Қ.

*Б. Рақымжановтың* қойылған қолын  
қуәландырамын.  
Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенаты Аппаратының  
Кадр жұмысы және ақпараттық  
қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі

